

**Қапарбай Раушан Еділқызының «8D05108 – Геоботаника» мамандығы
бойынша «Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы сирек кездесетін
Hepatica falconeri (Thoms.) Steward. (Ranunculaceae Juss.) түрінің
ценопопуляциясының экологиялық-биологиялық ерекшеліктері мен
құрылымы» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу
үшін дайындалған диссертациялық жұмысына отандық ғылыми
жетекшіден**

П И К И Р

Биоалуантүрлілікті сақтау жергілікті және ұлттық, сонымен қатар жаһандық жалпы адамзаттық масштабта маңызды және пайдалы ресурстарды сақтау болып табылады. Осы орайда, Қазақстандық сирек кездесетін түр *Hepatica falconeri* өсімдігінің таралуы мен экологиялық-биологиялық ерекшеліктерін, мекендейтін жерлердің флоралық және экологиялық-фитоценотикалық сипаттамаларын зерттеуге арналған Қапарбай Раушан Еділқызының «Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы сирек кездесетін *Hepatica falconeri* (Thoms.) Steward. (Ranunculaceae Juss.) түрінің ценопопуляциясының экологиялық-биологиялық ерекшеліктері мен құрылымы» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының өзектілігі күмән тудырмайды.

Жұмыстың мақсаты: Биоалуантүрлілікті сақтау үшін Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы сирек кездесетін *Hepatica falconeri* (Thoms.) Steward. (Ranunculaceae Juss.) түрінің ценопопуляциясының экологиялық-биологиялық ерекшеліктері мен құрылымын зерттеу.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер жүзеге асырылған: *H. falconeri* қатысуымен өсімдіктер қауымдастырының флоралық құрамын анықтау. *H. falconeri* дарақтарының морфологиялық параметрлерінің өзгергіштігін анықтау және бағалау. *H. falconeri* ценопопуляциясының кеңістіктік, онтогенетикалық және виталитетті құрылымының ерекшеліктерін анықтау. Жастық спектрі, сандық көрсеткіштері, тығыздығы негізінде зерттелетін *H. falconeri* ценопопуляцияларының жағдайына кешенді бағалау жүргізу. *H. falconeri* түрлерінің анатомиялық құрылышы ерекшеліктерін салыстырмалы зерттеу. Табиғи тіршілік ету ортасында *H. falconeri* ценопопуляциясының қазіргі жағдайын бағалау және қорғауға ұсыныстар жасау.

Жұмыс жалпы қабылданған биологиялық-экологиялық әдістерге сәйкес экспедициялық-далалық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу, сонымен қатар *H. falconeri* популяцияларының морфологиялық-анатомиялық өзгергіштігін зерттеу бойынша зертханалық зерттеулер арқылы жүргізілген.

Алғаш рет Күнгей Алатауындағы Қазақстанның флорасындағы туыстың жалғыз өкілі, өте сирек кездесетін *H. falconeri* түріне зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Алғаш рет *H. falconeri* қатысуымен өсімдіктер қауымдастырының флоралық құрамы анықталды.

Алғаш рет *H. falconeri* дарақтарының морфологиялық параметрлерінің өзгергіштігі анықталды және бағаланды.

Алғаш рет *H. falconeri* ценопопуляциясының кеңістіктік, онтогенетикалық және виталитетті құрылымының ерекшеліктері анықталды.

Алғаш рет жастық спектрі, сандық көрсеткіштері, тығыздығы негізінде зерттелетін *H. falconeri* ценопопуляцияларының жағдайына кешенді бағалау жүргізілді.

Алғаш рет *H. falconeri* түрлерінің анатомиялық құрылышы ерекшеліктері салыстырмалы зерттелінді.

Алғаш рет табиғи тіршілік ету ортасында *H. falconeri* ценопопуляциясының қазіргі жағдайын бағалау және қорғауға ұсыныстар жасалды.

Диссертант Раушан Еділқызы жоғары дәрежелі маман екенін диссертациялық жұмыс жүргізу, мақала жазу, шығару және диссертациялық жұмысты рәсімдеу барысында айқындалған, шеберлігін дәлелдей алды.

Қапарбай Раушан Еділқызының «8D05108 – Геоботаника» мамандығы бойынша «Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы сирек кездесетін *Hepatica falconeri* (Thoms.) Steward. (Ranunculaceae Juss.) түрінің ценопопуляциясының экологиялық-биологиялық ерекшеліктері мен құрылымы» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысын ашық қорғауға ұсынуға болады.

**Отандық ғылыми жетекші:
Биоалуантурлілік және биоресурстар
кафедрасының профессоры,
б.ғ.д.**



Н.М. Мухитдинов